

Бекітемін:

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақша

менгерушісі:  Жетілгенова.Д.Н

26.08.2024 ж.



№4 «Кәусар бұлақ» ересек арнайы тобының 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай -балабақшасы

№4 Арнайы тобы «Кәусарбұлақ» ересек тобы

4 жастағы балалар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: жан-жаққа қосалқы қадаммен жүру (оңға және солға), тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру, сапта бір-бірден жүгіру, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып еңбектеу; оңға, солға бұрылып секіру; оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға лақтыру (2–2,5 метр қашықтықтан), бір-бірден сапқа тұру.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарын алға-артқа сермеу; тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату; екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: мұз жолымен өз бетінше сырғанау.</p> <p>Қимылды ойындар: қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету;</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға үйрету;</p>	Тақтайдың үстімен тепе теңдікті сақтап, жүреді; гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды; доптарды домалатады

		<p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру: өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін түсіну.</p> <p>Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру: дәретханаға барғаннан кейін қолды жууға үйрету.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: киімдерді жинауға үйрету;</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: аяқтарды, денені шаю;</p>	
--	--	--	--

	Сурет салу	<p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p>	<p>Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;</p>
	Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p>	<p>Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;</p>

	<p>Жапсыру</p>	<p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>	<p>Жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды; бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді;</p>
--	-----------------------	---	---

	<p>Құрастыру</p>	<p>Оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау: Қағаздан құрастыру: қағазды ілмекке айналдыра білу. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.</p>	<p>Заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; қалдық заттардан құрастырады;</p>
	<p>Музыка</p>	<p>Таныс шығармаларды білу, Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p>	<p>Таныс шығармаларды таниды қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі; музыканың ырғағымен жүреді,</p>

	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).</p> <p>Заттық әлем: қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру:</p> <p>Еңбекке баулу: топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу;</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету;</p> <p>Менің -Отаным Қазақстан: Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту;</p> <p>Жолда жүру ережелері: бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Өлі табиғат заттары мен заттары: қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды);</p> <p>Өсімдіктер әлемі: өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі: бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы;</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу,</p>	<p>Ойыншықтарға ұқыпты қарайды;</p> <p>ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі;</p> <p>мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылар мен әдепті қарым қатынас негіздерін біледі;</p>
--	--	--	---

Айы	Ұйымдастырыл ған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен тепе теңдік сақтау; шеңбер бойымен жүгіру; алға қарай еңбектеу; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру)секіру;</p> <p>1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр)лақтыру; шеңберге тұру;</p> <p>Ырғақтық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру; бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру; тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру; Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау,бір-бірін сырғанату;</p> <p>Қимылды ойындар: ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу;</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: балаларды қимылды ойындарға қатысуға тарту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: тістерді тазалаудың пайдасын ұғындыру; Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру: ластанған кезде қолды жууға үйрету;</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: киімдерді ілу, ересектердің көмегімен оларды тазалау;</p>	<p>Заттарды қашықтыққа лақтырады, гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді; шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; тістерді тазалаудың пайдасын;</p> <p>жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды;</p>

	<p>Сурет салу</p>	<p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p>	<p>Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды;</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады;</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p>	<p>Ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді;</p>
	<p>Құрастыру</p>	<p>Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру;</p> <p>Қағаздан құрастыру: қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу;</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру;</p>	<p>Өз бетінше ойдан құрастырады; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады;</p> <p>табиғи заттардан құрастырады;</p>

	<p>Музыка</p>	<p>Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, үйрету. музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, үйрету. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p>	<p>Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі; әнді созып, орындайды; қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді;</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету; Заттық әлем: көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуі; Еңбекке баулу: топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою;</p>	<p>Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады;</p>

		<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге үйрету;</p> <p>Менің -Отаным Қазақстан: Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу; Жолда жүру ережелері: жаяу жүргіншілерге арналған ережелер;</p> <p>Өлі табиғат заттары мен заттары: ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, судың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі: өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша),</p> <p>Жануарлар әлемі: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы;</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру;</p>	<p>жолда жүру ережелерін біледі;</p> <p>көлік түрлері мен жол түрлерін атайды;</p> <p>ыдыстарға ұқыпты қарайды;</p> <p>ересектердің әңгімесіне араласпайды;</p>
--	--	---	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: жүруді жүгірумен алмастырып жүру; бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққасозып, жыланша жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; төрт тағандап еңбектеу, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан).</p> <p>Бірғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, төмен түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;</p> <p>Қимылды ойындар: Секіргіштермен ойналатын қимылды ойындар. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақты асықпай шайнауға үйрету. Сауықтыру шаралары: Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>	жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді;

	<p>Музыка</p>	<p>музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.</p> <p>әнді тыңдауға ынталандыру,</p> <p>жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді үйрету.</p> <p>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>	<p>Музыкалық шығарманы тындайды.</p> <p>әндерді сүйемелдеумен орындайды</p> <p>музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді;</p>
	<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау</p> <p>Қағаздан құрастыру:Қағаздың қырларын біріктіру, желімдеуге үйрету.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып құрастыру.</p>	<p>құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;</p>
	<p>Сурет салу</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p>	<p>сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады; суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі;</p>

	Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу	ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.	қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді;

	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Заттық әлем: Көлік түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу: нан салғыштарды, кружжаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Қарапайымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан: Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы.</p> <p>Жолда жүру ережелері: Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды. т.б.</p> <p>Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p>Жануарлар әлемі: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау.</p>	<p>сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады; өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларына ие; көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінезқұлық ережелерін сақтайды;</p>
--	--	--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүруді секірумен алмастырып, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; шашырап жүгіру; құрсаудан еңбектеп өту, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін айналдыру, Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.</p> <p>Спорттық жаттығулар: ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Қимылды ойындар: Құрсаулармен ойналатын қимылды ойындар.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану</p> <p>Сауықтыру шаралары: Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау</p>	<p>доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды; өзінің сыртқы келбетін өз бетінше реттейді; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады.</p>

	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу</p> <p>Заттық әлем: телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы</p> <p>Еңбекке баулу: Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p>Менің Отаным-Қазақстан: Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары.</p> <p>Жолда жүру ережелері: Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Жануарлар әлемі: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі,</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: Қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу</p>	
--	-----------------------------------	---	--

	<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау</p> <p>Қағаздан құрастыру:Қағаздан бөлшектерді өзара желімдеп үйрету.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>	<p>Бөлшектерді өзара желімдейді.</p>
	<p>Сурет салу</p>	<p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады;</p>

	<p>Музыка</p>	<p>қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдауға дағдыландыру</p> <p>шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>	<p>Домыра аспабымен орындалған күйлер мен әндерді біледі</p> <p>әнді сүйемелдеусіз орындайды;</p> <p>музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды;</p> <p>қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады;</p> <p>ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.</p>
--	----------------------	---	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Бағытты және қарқынды өзгертіп жүру; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып, гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), секіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұгу және жазу, көтеру және түсіру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Қимылды ойындар: ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: тамақтанып болғаннан кейін аузды шаю.</p>	<p>Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды; өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды; өзінің сыртқы келбетін өз бетінше реттейді; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие</p>

		<p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру</p> <p>Өсімдіктер әлемі: Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау,</p> <p>Жануарлар әлемі: Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау</p>	
	<p>Құрастыру</p>	<p>Қағаздан құрастыру: Қағаздардан композиция құрастыру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады</p>

	<p>Сурет салу</p>	<p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p>	<p>Суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі; қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді; бірнеше</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру</p>	<p>Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді; бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;</p>

	<p>Жапсыру</p>	<p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p>	<p>Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді</p>
	<p>Музыка</p>	<p>Ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, Әнді топ пен бастап топпен аяқтауды меңгерту.</p> <p>мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,</p> <p>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау,</p>	<p>Ақырын, қатты, баяу, жылдам жоғары дыбыстарын ажыратады.</p> <p>Әндерді қимылмен Сүйемелдеумен орындайды</p> <p>әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды;</p> <p>ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды;</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау, Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Қимылды ойындар: ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Жалпы тамақтану әдебін сақтау.</p>	Шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие; өзінің жасаған іс әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын алуға болатынын түсінеді

	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі:Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p>Заттық әлем:Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу:Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:Ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Менің Отаным-Қазақстан:Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p>Жолда жүру ережелері:</p> <p>Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Өсімдіктер әлемі:Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары:Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау)</p>	<p>Жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт дәстүрлер туралы әңгімелейді</p>
--	--	---	---

	Құрастыру	Қағаздан құрастыру: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қауіпсіздік ережелерін сақтау.	«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады
	Сурет салу	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.	әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді; өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды
	Мүсіндеу	Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.	мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
	Жапсыру	Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау	жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды;

	Музыка	<p>Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, Әндегі сөздерді анық таза айтауға дағдыландыру</p> <p>музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>	<p>Әндегі қимылдарды жасай алады.</p> <p>Әнді анық таза орындайды</p> <p>музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;</p>
--	---------------	--	--